

Таяуда Қазақстанның тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың "Бейбітшілік эпицентр!" атты еңбегін тағы да қарап шықтым. Кітапта Президент Қарқаралы-Балқантау-Қарағайлы өңірі тұрғындарының талап етуімен Қарқаралы ауданының ядролық сынақтардан зардап шеккен аумақтар санатына қосылғанын нақты деректермен тиянақтаған. Сол сәтте мен осы Қарқаралыда "Семей-Невада" қозғалысының қалай туып, қалай қанат жайғанын еске түсірдім. Өйткені, Қарқаралы Балқантау аймағын ядролық сынақтардан зардап шеккен аумақтар тізіміне кіргізудегі біздің "Семей-Невада" қозғалысының рөлі үлкен болды... 90-шы жылдардан бастап қалың көпшілік, қарапайым халық 70 жылғы тоталитарлық билік бойға сіңірген үрей мен немқұрайлықтан, ұлттық бодандықтан бірте-бірте

ТАРИХТАҒЫ ЕҢ ІЗГІ, ЕҢ БЕЙБІТ ҚОЗҒАЛЫС

арыла бастады. ...1989 жылдың көктемі. Кешкі уақыт. Аудандық Мәдениет үйінің алдында қараң-құран кісілер жүр. Екінші қабаттағы микрофоннан Серік Ақсұңқарұлының санқылдаған дауысы естіліп тұр: "Қадірлі жерлестер, аға-бауырлар, қазір Семейдегі ядролық жарылыстарға қарсы наразылық митингісі өтеді. Келіңіздер, қатысыңыздар! Аздан соң митинг басталды. Мен баяндама жасадым. Сөйлеушілерде жік жоқ. -Полигон жойылсын! -Біз тәжірибе жасайтын мал емеспіз! -Құл болмаймыз! Сол күні Қарқаралыда тұңғыш рет "Семей-Невада" қозғалысының аудандық ұйымы құрылды. Жиналған көпшілік оның төрағалығына мені сайлады. 18 адамнан азаматтық комитет сайланды. Олардың арасында Иран Әбеуов, Совет Нұрмағанбетов, Жұмажан Қасымов, Қарлығаш Құспанова, Дәурен Сүлеев, Нәзігүл Сүлейменова, Кентбай Сейітов, Теңізбай Әуесбаев, Мұхамедқали Баймұханов сынды азаматтар болды. Біздің "Семей-Невада" қозғалысы бүкіл Қазақстан көлемінде белсенді әрекет жасаған жауынгер ұйым болды. Полигонды жою туралы сан рет митингілер өткізіп, үндеулер мен талаптар қойдық. Негізінен бұл экологиялық қозғалыс болғанымен, оның саяси мәні зор болды. Халық ендігі уақытта алаңға бұрынғыдай партияның нұсқауымен емес, жүрек қалауымен шығып, өз талаптарын батыл білдіруге дағдыланды.

1990 жылдың 15-қыркүйегі. Қарқаралының орталық алаңы құжынаған халық. Қызыл матаға жазылған ұрандар, талаптар. Бір күн бұрын Қарқаралыға Америка мен Европа елдерінен 100-ден астам ядролық жарылыстарға қарсы күресуші делегация мүшелері келген. Бүгін солардың қатысуымен үлкен митинг өтпек. Оркестр полигон құрбандарының рухына арналған қайғылы музыканы үздіксіз ойнауда. Зарлы әуендер: -Жарылыстан көз ашпаған далам-ай... Көп адамдардың көздерінде жас. Аудан әкімі Төлеутай Шахарбаев және мен сөйледік. Қонақтар сөйледі. АҚШ пен Совет Президенттері Рейган мен Горбачевқа ядролық жарылыстарға дереу тиым салу туралы үндеу қабылданды. Сол жылдың қазан айында Қарқаралыда халық депутаттары облыстық Советінде босап қалған депутаттық орынға сайлау өтетін болды. "Семей-Невада" қозғалысы атынан редакция ұжымы депутаттыққа мені ұсынбасы бар ма. Тым болмаса партия мүшесі де емес, қатардағы аудандық газет тілшісінің облыстық Кеңеске депутат боламын деуі, онымен қоймай бұл мәртебелі орынға обком секретарымен таласуы-ғұмыр бойы жоғарының алдында құлша жорғалап жүрген мансапқор, жағымпаз партократтарға ашық күнде аспаннан жай түскендей сұмдық оқиға болып көрінгені анық. Олар менің бұл "әдепсіздігімді" өкімет пен партияға, тіпті жаз артынан қыс келетіні сияқты мәңгілік табиғат, заңына, қоғам үрдісіне қыр көрсету деп санады. Әлі есімде, Мәдениет үйіндегі сайлаушылармен кездесу жиынына обком секретары да келді. Бұрынғы аупартком секретарынан бастап ертелі-кеш билік астауынан жем жеп тойынып қалған партократтар ол кісіні мақтап, журналисті даттап жарыса сөйлеп жатты. (Сөз арасында айта кетейін, Виктор Никонорович бұрын осы Қарқаралыда аупарткомның екінші хатшысы оолып қызмет істеген, адамға жұғымды, мінезі жұмсақ кісі сияқты әсер қалдыратын). Обком секретарын өткізбек болған аупартком күн демей, түн демей үгіт-насихат жүргізіп жатты. - Журналистің қолында түк жоқ. Ал Мирза-обком, ол-құдыретті адам. Қарқаралыға көп жақсылық жасайды,-деседі қарсыластарым. -Виктор Никонорович

Қарқаралыға жақсылық жасаймын десе, обком секретары емес пе, бұрын қайда қалған,-дейді менің сөзімді сөйлеп жүрген зооветтехникум оқытушысы Кентбай Сейітов,-Елге жақсылық ойласа, осы қызметі де жетеді. Ол жылдары облыстық Советке депутат сайлауға Қарқаралы қаласы жеке округ болып қатысатын. 20 қазан күнгі сайлауда қаладағы 5 мың сайлаушының жартысынан көбі обком секретарын емес, партияда жоқ журналист-мені сайлады. Сөйтіп, халық бұрынғыдай айтқанға көніп, айдауға көніп бұғып жүре беретін көнбіс тобыр емес екендігін тұңғыш рет дәлелдеді.

Қарқаралы-ұлылар рухы сіңген киелі мекен ғой. Сол өжет рухтың 70 жылғы езіліп-жаншылаудан, жаппай өтірік пен жалғандықтан арылып, қайта ояна бастағанын осы бір оқиға көзге елестеткендей көрінеді маған.

-Кемелденген рухты сатып та, қарызға да алуға болмайды,-деген екен данышпан Сенака. Әулие сөз!...

Депутат болып сайланған соң халық сенімін ақтауға күш салдым.

1990 жылы Қарағанды еңбек гигиенасы мен кәсіптік аурулар жөніндегі ғылыми-зерттеу институты мен медицина институты ғалымдарынан жасақталған экспедиция Қарқаралы-Балқантау өңірінің радиациялық ахуалын, адамдардың денсаулығын арнайы тексерістен, зерттеуден өткізген құжат-анықтамаларын маған Қарағандыдан «Семей-Невада» қоғамының облыстық ұйымынан жіберді.

40 беттен тұратын осы зерттеу қорытындысын біздің өңірден КСРО Жоғарғы Кеңесіне депутат болып сайланған Е.Асанбаевқа жібердім.

Сол жылы көктемде аудан әкімі Төлеутай Шахарбаев пен облатком орынбасары Рымбала Омарбекованың бастамасымен Жоғарғы Кеңеске Қарқаралыдан арнайы делегация жасакталып, құрамына аупартком төрағасы Ә.Рахымжанов, дәрігер С.Нұрмағанбетов, Томар ауыл кеңесінің төрағасы Қ.Бәкеев және «Семей-Невада» қозғалысының төрағасы ретінде осы жолдардың авторы кірдік.

Жоғарғы Кеңестің төрағасы Ерік Мағзұмұлы бізді қабылдау үстінде маған қарап:

-Сіздің ядролық сынақтардың Қарқаралы-Балқантау өңіріне тигізген зардаптары туралы жіберген құжаттарыңызды алдык. Бұл құжаттардың Сіздерге көмегі көп болады,-дей келіп, сол жерде ҚР денсаулық сақтау министрлігіне қоңырау шалып, Қарқаралыға УЗИ-аппаратын тез жіберу туралы нұсқау берді.

Ең бастысы-Қарқаралы-Балқантау өңірі Семей ядролық полигонынан зардап шеккен аймақтар тізіміне енгізіліп, аумақ тұрғындарына бірқатар әлеуметтік жеңілдіктер жасалды. Осы өңір тұрғындары 55-55 жастан зейнеткерлікке шығуға мүмкіндік алды. Полигон өтемақысы күні кешеге дейін ақшадай төленіп келді.

Мұның барлығы, оның ішінде облысқа үш мәрте депутат болуым «Семей-Невада» қозғалысының шарапаты, қарапайым халықтың қолдауы еді...

P.S. Бүгінгі күні даңқты гуманистік қозғалыстың 20 жылдығын атап өте отырып, сол қозғалыстың негізгі мұрат-мақсаттары әлі де шешімін таппай отырғанын да еске сала кетсем деймін. Абыралы-Қарқаралы-Балқантау аймағында қатерлі ісік (рак) жүрек-қан тамырлары, өзіне-өзі қол жұмсау сияқты жүйке аурулары жиі кездеседі. Дәрі-дәрмек ұдай. Жерлесіміз академик Серғазы Әдекеновтің «Арглабин» дәрісінен басқа қауіпті, қатерлі дерттің бетін қайтаратын пәрменді ем түрін көре алмай келеміз. Осы тұрғыдан алғанда полигон туралы заңды қайта қарап, оны әрі кеткенде 55-60 жастан зейнеткерлікке шығуға мүмкіндік беретін жеңілдікпен, басқа да әлеуметтік жәрдем-көмектермен толықтырған дұрыс болар еді.

Қысқасы, полигон төңірегіндегі халыққа басқаша жағдай, басқаша көзқарас керек. Бұл-уақыт талабы. Әділдік талабы.

Мақсым Омарбекұлы,
«Семей-Невада» қозғалысының 1990-2000
жылдардағы аудандық
ұйымының төрағасы.
Қарқаралы ауданының
Құрметті азаматы.